

Бөлшек сауда кәсіпорындарында алмастыруға жатпайтын азық-түлік емес тауарлар тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 29 қыркүйек 1993 ж. N 960. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 тамыздағы № 821 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010.08.18 № 821 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Тұтынушылар құқын қорғау туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:
Қ а р а ң ы з . Z 1 0 0 2 7 4

1. Қазақстан Республикасының осы тауарларды өткізетін бөлшек сауда кәсіпорындарында алмастыруға жатпайтын азық-түлік емес тауарлардың тізбесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Алтын қапты сағаттан ақау табылған жағдайда айырбасталған тетікке жаңа паспортты қоса бере отырып сағаттың тетігі ғана алмастыруға жататын болып; сатылып алынғаннан кейін екі күннен кешіктірмей қайтарылатын, комиссияға қабылданған кезде ақауы байқалмаған жаңа заттардан басқа комиссиялық дүкеннен алынған тауарлар алмастыруға жатпайтын болып белгіленсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 29 қыркүйектегі
N 960 қаулысына

Қосымша

Қазақстан Республикасының бөлшек сауда кәсіпорындарында алмастыруға жатпайтын азық-түлік емес тауарлардың Тізбесі

Алтыннан, платина және күмістен жасалған бұйымдар
Шұлық-ұйық бұйымдары
Төсектік жаймалар
Іш киімдер

Парфюмерлік-косметикалық тауарлар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК